

АКАДЕМИК Е.А. БӨКЕТОВТЫҢ МҰРАСЫ ЖӘНЕ ТҰЛҒАЛАР ТАҒЫЛЫМЫ
НАСЛЕДИЕ АКАДЕМИКА Е.А. БУКЕТОВА И НАСТАВЛЕНИЯ
ВЫДАЮЩИХСЯ ЛИЧНОСТЕЙ

(1 СЕКЦИЯ)

Е.А. БӨКЕТОВ: ТҰЛҒА, ҰСТАЗ, ҒАЛЫМ

Бұрхан Г.

Ғылыми жетекшісі: PhD, Моминова Г.Т.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті

gulnar_mominova@bk.ru

Астана қаласы

«Адамның басшысы - ақыл, жетекшісі - талап, жолдасы - кәсіп, шолғыны - ой», - дейді Төле би бабамыз. Даналықтың осы бір түйінді сөзі елге қызмет еткен тұлғалардың бар болмысына сай келеді. Қазақ халқының маңдайына біткен біртуар тұлғаның бірі академик Ебіней Арыстанұлы Бөкетов.

Академик Е.А. Бөкетов қазақ тарихына сіңірген еңбегі өте көп. Ебіней жарық дүниеге келгенде, қазақ даласында қоныстанған қалың қазақ үшін «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған» дерлік мамыражай уақыт еді. 1925 жылдың наурыз айының 23 күні Солтүстік Қазақстан облысындағы Октябрь ауданының Бағанаты ауылында, дастарқанында жетерлік асы бар, мініске жарайтын аты бар, көктемде бір-екі бие байлап, қар түскенше қымыз сапыруды тоқтатпайтын дәулетті жанұя да дүниеге келген. Ағайындары бірігіп ұсақ мал ұстап, бар шаруаны өз араларында бөлісіп атқарған.

Ебіней жасынан ширақ, алғыр болып өсіп, үлкендерше ойланып әрекет жасайтын. Әкесінің ұқыптылығы мен іске бейімділігі оған да жұққан, ал атқа құмарлығы өз ағасы Маутайға тартқан еді. Бұрын ұйқысы қанып оянатын бала кейін әжесінің жылы құшағынан ерте тұрып, қора-жайды аралап кететін әдет шығарды - себебі әкесі не ағалары жолға жиналса, солармен бірге аттанғысы келетін.

Үйдегі үш ағайындының ортаншысы - Маутай, Ебінейді ерекше жақсы көретін. Домбыра тартып, ән салатын сері мінезді жігіт болғандықтан, ел ішіндегі той-думандарда да қадірлі адам еді. Кейде сол жиындарға Ебінейді қасына ертіп алып баратын.

Ебіней Арыстанұлының адамдық болмысы, мінезінің бекзаттығы туған ортасынан бастау алады. Оның бауыры Қамза Бөкетов естеліктерінде әкелері Арыстан ақылды, зердесі мықты, өнерге бейім, домбыра мен сыбызғыны шебер тартатын, кең пейілді, сабырлы жан болғанын жазады. Осындай тектілікті бойына сіңірген Ебіней жасынан-ақ адамгершілікке, еңбекқорлыққа, салмақтылыққа тәрбиеленді. Ебіней жастайынан қазақтың ауыз әдебиетіне, Абай, Жамбыл, Мұхтар шығармаларына сусындап, орыс және қазақ тілдерінде еркін өлең жазып, аудармаға ден қоя бастады. Осы рухани орта оның ғылымға да, әдебиетке де еркін енуіне жол ашты. Әкесі Арыстан зердесі күшті, арабша сауатты, домбыра мен сыбызғыны шебер тартатын, кең пейілді жан еді. Анасы да сабырлы, ақылды, тәрбиені бірінші орынға қойған адам болған. Осындай рухани бай ортаның әсері Ебінейдің бүкіл өмір жолының іргетасын қалады.

«Алты хат» ғұмырнамасында Ебіней Арыстанұлының студенттік өмірінің бастапқы кезеңі жайында шешіле сыр шертпейді [1, 56 бб.]. Сол себепті институт архивінде сақталған ресми деректерді ғана келтіреміз: кейбір себептермен ол Алматыға кешігіп келген; солай бола тұра, қабылдау емтихандары тамыздың 28-і күні басталып, соңғысы қыркүйектің 6-жаңасында аяқталған. Марьевка мектебінде алдына жан салмай үздік оқыған. Сол үздік оқығанның нәтижесі, қабылдау кезінде үлкен рөл атқарған. Осылайша, Ебіней Бөкетов металлургия факультетіне студент болып қабылданады.

Бастапқыда геологиялық барлау факультеті негізінде Семейде ашылған оқу орны 1934 жылы Алматыға көшіріліп, келесі жылы оның құрамына екі бөлімше - кенші және металлург мамандарын даярлайтын факультеттер қосылып, одан былай Қазақ мемлекеттік индустрия институты (ҚазГМИ) атанып, іргесін бекем бекітіп, Қазақстан аумағында техникалық жоғары білім беретін бірден-бір оқу орнына айналған.

Ебіней Арыстанұлы келген жылы институтты 782 адам тәмамдап, инженерлік дипломмен өндіріс орындарына аттанған. Бұл көрсеткіш соғыс жылдарында студенттердің көпшілігі майданға аттанбағанда екі есеге жуық артатын еді. Соғыс жүрген төрт жылда жүздеген үміткер кем қабылданбағанымен, институт студенттік өмірін тоқтатпаған, керісінше, кейбір бөлімдерінде 748 студент білім алған: 1945-1946 оқу жылында күндізгі бөлімде 748 студент оқыған, олар 39 топқа бөлінген, солардың бірі - Ебіней Бөкетов, МЦ-45-1 тобына тіркелген.

Сол кезде ҚазГМИ-де оқу процесін 25 кафедра жүргізген, олардың құрамында 10 профессор, 31 доцент, 14 аға оқытушы, 11 кіші оқытушы және 30 ассистент ұстаздық еткен.

Алматыға көшкен жылы институт Ленин даңғылы (қазіргі Достық) мен Бас арық (қазіргі Абай даңғылы) көшелерінің қиылысында жер алып, құрылысшылар қос қабатты екі оқу ғимаратын салып, институтқа жатақхана, асхана, оқытушылар мен аспиранттар тұратын үйлерді тұрғызуға көмектесті. Кейбір ғимараттар соғыс жылдарында шұғыл тұрғызылғандықтан, оқуға қолайсыз, аудиторияларға сыймайтын болды.

1941 жылдың қара күзінде институтқа Мәскеу, Минск, Киев пен Харьков қалаларынан ондаған профессор мен доценттер келіп қосылды. Келесі жылы КСРО Түсті металл Халық Комиссариатының бұйрығымен Мәскеудегі М.И. Калинин атындағы Түсті металл және алтын институты Алматыға көшіріліп, ҚазГМИ-мен біріктірілді.

Осылайша, Алматыдағы жоғары техникалық оқу орнының студент саны екі есеге жуық көбейіп, оқытушы-профессорлар құрамын да күшейтті. ҚазГМИ одақтық деңгейдегі оқу орны мәртебесін иеленді, бірінші категорияға көтерілді. Сол кезеңнен бастап оқытушылардың еңбекақысы, студенттердің стипендиясы жоғары деңгейде төленді. Алматы техникалық институты тез танылып, білім деңгейін арттырды, әрі қала басшыларына оқу үрдісін ұйымдастыруға қосымша күш жұмсауға мәжбүр етті.

Институт студенттері арасында майданнан оралған жауынгерлер де едәуір болған. ҚазГМИ-дің 50 жылдық мерекесіне байланысты шығарылған деректі кітапта Халық Отан соғысының алғашқы айында институт қабырғасынан өз еркімен 200 студент, 22 оқытушы және 3 қызметкер майданға кеткені айтылған. Мұндай еріктілер одан кейін де аз болмаған. Кадр бөлімі мұқият жүргізген есепке қарағанда, төрт жылда тортиясынан аттанған 45 жас ұрыс даласында шейіт болып, 6 шәкірт КСРО Батыры атағын алған.

Солай бола тұра, майдангерлердің бірталайы өздері түлеп шыққан білім ұясына жеңіс жылы қайтып оралған. 1945-1949 жылдар аралығында осы институтта 302 майдангер білім алған, бұл бес курста оқитын студенттердің үштен біріне жуықтайды.

Бертінде туған «Алғашқы сабақ» толғанысында Е.А. Бөкетов:

«Ұлы Отан соғысы аяқталған жылы оқуға түскендердің жасы 18 бен 35-тің аралығында болатын. Балалы-шақалы болып, есейіп, егделіп қалған кісінің қасында ернің үстіне түк шықпаған жастар қатар отырушы еді...» [2, 87-88 бб.] - деген куәлікті айтқан.

Ебіней Арыстанұлы Алматыда оқыған шақ - рухани және мәдени өмірдің ерекше жанданып, көпшілікке қызықты кезеңіне дәл келген уақыт еді. Тұрмыстың қиыншылығы, жатын орын мен азық-түлік жетімсіздігі солардың көңілін еркін қызықтыруға кедергі бола алмады.

Шындығында, сол кездегі студент жастар аса сауыққұмар қауым: драма театры, балет театры, Абай атындағы опера және балет театры, филармония - қайсына болсын айына бірер мәрте барып, сахнадан түспей келе жатқан классикалық қойылымдар мен жаңа ойындарды қызықтамау - артта қалу, өзін кертартпа санау деген масқараға тең болатын. Ал Ебіней Алматыға келген жылы өнер ордаларын түгел аралап шыққан.

Әдеби кештерді де босатпайды, бірақ өзі оқыған ҚазГМИ мұндай сауықтарға аса зүңей емес еді. Университет пен педагогика институтында ақын-жазушылармен кездесулер жиі өткізіліп тұрады. Екеуінде де Ебінейдің жерлестері, пікірлес құрбы-достары аз емес. Солардан хабар түсе қалса, ол қуана жетіп, ілтипатты тыңдаушы болудан бас тартпайды; кейде қызды-қыздымен қылықты сұрақ жолдап, айтыс турнирлеріне де қызыға қатысатын [3, 102-103 бб.].

Ебіней Бөкетов қазақ әдебиеті мен мәдениеті саласында ғана емес, ғылыми зерттеулер мен публицистикада да өзіндік із қалдырған ғалым. Оның ғылыми еңбектері көбінесе әдебиеттану, тілтану, тарих және мәдениет мәселелеріне арналды. Әсіресе ол қазақ поэзиясы мен прозасының дамуын зерттеп, оны орыс және батыс әдебиеті контекстінде салыстыруға ерекше мән берді.

Бөкетовтің ғылыми мақалаларының бірі «Қазақ әдебиетінің классиктері» тақырыбында жазылған. Онда ол XIX-XX ғасырлардағы қазақ ақындары мен жазушыларын тарихи жағдаймен байланыстыра отырып талдаған. Ол тек шығармалардың көркемдік ерекшелігін сипаттап қана қоймай, олардың қоғамдағы рөлін, ұлттық сана мен тәлім-тәрбиедегі маңызын да көрсетті. Мысалы, Абай Құнанбаев шығармашылығы туралы мақаласында Бөкетов Абайдың философиялық ойларын, адамгершілік пен білімге деген құштарлығын қазіргі жастарға жол көрсету үшін зерттейтінін атап көрсеткен.

Ғылыми еңбектерінде Бөкетовтің тағы бір ерекшелігі - оларды тарихи контекстпен байланыстыруы. Мысалы, ол XX ғасырдың соғыстан кейінгі кезеңінде әдебиеттің қоғамдағы рөлін зерттегенде, студенттік жылдардағы өз тәжірибесін де негізге алған. Студенттерге арналған

мақалаларында ол жастарға шығармашылықпен қатар, патриоттық сананы, ел тарихын, мәдениетке құрметті үйрету жолдарын да қарастырған.

Ебіней Бөкетовтің ғылыми еңбектері мен мақалалары әдебиет пен тарихты, ғылым мен мәдениетті байланыстыратын көпқырлы зерттеу болып табылады. Оның еңбектері бүгінгі таңда да қазақ әдебиеті мен тарихын түсінуде маңызды дерек көзі ретінде қарастырылады.

Ебіней Бөкетовтің шығармалары өте көп: «Алты хат», «Грани творчества (Очерки)», «Евнейдің бұлағы», «Святое дело Чокана», «Шығармалар жинағы: 6 томдық».

Бөкетов ғылымға адалдықпен қарады. Оның сөзімен айтсақ: «Ғылыми ізденіс - адамның ойына қанат, бойына қуат беретін биік шығармашылық».

Жазықсыз жала жабылып, еңбектері архивке жіберілген ауыр кезеңдер болса да, ол ғылымнан бас тартқан жоқ. Парасаттылығы, сабыры, еңбекқорлығы оның басты мінезі еді.

Тісқақты Орынсейіт Нұрекеұлы өзінің тобында үлкендік жолымен де, Компартия мүшесі әрі соғыстан аман келген майдангер ретінде де елеулі беделге ие болды. Сондықтан оқуының екінші жылында қосылса да, өз тобы ғана емес, бүкіл курс, факультет бойынша да беделді кешбасшы, сабақтас тұлға ретінде танылды. Оның ластарына кеңесші, ақылшы атанған.

Ал шалғайдағы қазақ ауылынан келіп, қаланың бейтаныс тіршілігіне үйренісіп жатқан, бірбеткей мінез кемшілігінен де сүрініп есейген Ебіней Бөкетов аз уақыт ішінде өз қатарын алдын шығарып, тіпті өзінен едәуір үлкен, майданнан оралған жастарды да билеп-тестей бастады. Сірә, бұл оның білімге деген ізденгіштігімен, қорқытпастан беріле еңбек етуімен байланысты.

Оның оқу үлгерімі де айтарлықтай алға жылжыған. Үстіне ізденгіш жас ұйымдастырушылық қабілеттен де кенде болмады. Бірден-ақ өз тобының комсоргы болып сайланды, кейін факультеттің комсомол жетекшісі атанды. Соңында әлеуметтік жұмысқа бейімділігі мен қоғамдық белсенділігі жоғары болғандықтан, үшінші курсына БК(б)П мүшелігіне кандидат болып қабылданды.

Бір жылдан кейін, 1948 жылы Алматы қаласының Фрунзе аудандық партия комитеті студент Бөкетовті үлгілі тәртібімен, үздік оқуы мен ерен еңбегі үшін Коммунистік партия қатарына мүшелікке қабылдады.

Зымыраған уақыт тынымсыз жүгіруден таңбады, бастапқыда ұзақ көрінген бес жыл сәтсіздіктер мен сынақтан өткен бейге атындай зулақтап өтті. Ебіней Бөкетов 1950 жылдың жазында арман қуып, Алатау баурайында оқуын сәтті аяқтап, инженер-металлург дипломын алды.

Диплом алғаннан кейін ол металлургия саласында жұмыс істеп, түрлі зауыттарда өндірістік процестерді жетілдірумен айналысты. Жаңа технологияларды енгізу, өндірістік тиімділікті арттыру, жұмыс қауіпсіздігін сақтау - оның басты мақсаттары болды. Осы жұмыстар арқылы ол Қазақстандағы металлургиялық өндірістің дамуына үлес қосты.

•1954-1958 - КазГМИ-нің Жеңіл және сирек металдар металлургия кафедрасының ассистенті, аға оқытушысы, доценті.

•1959-1960 - КазГМИ-нің директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары.

•1960-1972 - Қазақ КСР Ғылым Академиясының Қарағанды қаласындағы Химия-металлургия институтының директоры.

•1966 - «Мыс электролиттары қалдықтарынан селен мен теллурды айыру» тақырыбынан техника ғылымдарының докторы дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған.

•1968-1969 - Қарағанды политехника институтының жалпы химия кафедрасының профессоры және меңгерушісі (қосымша жұмыс).

•1968-1970 - КП Қарағанды облыстық комитетінің мүшелігіне кандидат, 1971-1981 - облыстық комитетке мүшелік.

•1973-1980 - Қарағанды облыстық кеңесінің депутаты.

•1969 - Балқаш комбинатында мыс кенін кешенді өңдеу технологиясын дамытуға қосқан үлесі үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығын алған.

•1971 - Қазақ КСР Ғылым Академиясының корреспондент-мүшесі.

•1971 - КСРО Жазушылар одағына мүше болып қабылданды.

•1972-1980 - Қарағанды Мемлекеттік университетінің ректоры.

•1975 - Қазақ КСР Ғылым Академиясының толық мүшесі.

•1960, 1975 - Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған,

•1970 - «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен,

•1976 - «Еңбек Қызыл Ту» орденімен марапатталған.

•1978, 1982 - «Халькогендер мен халькогенидтер химиясы және технологиясы» атты Қарағандыда өткен бүкілодақтық бірінші және екінші ғылыми конференцияларды шақыру комитетінің төрағасы және ұйымдастырушысы.

- 1978-1982 - ҚарМУ-де «Халькогендер мен халькогенидтер химиясы мен технологиясын» зерттейтін зертхана ұйымдастырушысы.
- 1976-1980 - ҚарМУ-дың Физикалық химия, содан кейін Биорганикалық химия кафедраларының меңгерушісі (қосымша жұмыс).
- 1980-1983 - Қазақ КСР Ғылым Академиясының Қарағанды ХМИ-ның аға ғылыми қызметкері.
- 1983 - Қазақ КСР Ғылым Академиясының Орталық Қазақстан бөлімшесінің бюро мүшесі болды.

Қорыта келе айтқанда, Ебіней Бөкетовтің өмірі мен қызметі бізге тек ғылым мен білімнің ғана емес, адал еңбек пен елге қызмет ету жолының үлгісін көрсетеді. Ол өз кезіндегі қиындықтарға қарамастан білімге, өнерге және ғылымға адал болып, Қазақстанның индустриялық дамуы мен жастар тәрбиесіне елеулі үлес қосты.

Ебіней Бөкетов - ұрпаққа өнеге болар ұстаз, ізденімпаз ғалым және өз еліне адал азамат. Оның өмір жолы әрбір жасқа білімге ұмтылу, өз ісіне жауапкершілікпен қарау және қоғамдық қызметте үлгілі болудың маңызын айқын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Е.А. Бөкетов. Биобиблиографиялық көрсеткіш. Құрас.: М.И. Жамбеков, К.Т. Рустембеков, З.М. Ким. Қарағанды, ҚарМУ баспасы, 1992 ж.
2. Қазақ политехникалық институты атындағы В.И. Ленин. Алматы, «Қазақстан», 1984 ж.
3. Қарағанды мемлекеттік университетіне 20 жыл. Қарағанды, 1992ж
4. Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті 1972-1997, Қ., ҚарМУ баспасы, 1997 ж.
5. Шәріпов К., Білтаев К., «Бағанаты бұлағым - теңіздерге құятын». Петропавл, 1995 ж.
6. Юбилейные Букетовские чтения. Материалы научной конференции, посвящённой 70-летию со дня рождения академика Е.А. Букетова. ҚарМУ баспасы, 1997 ж.

Е.А. БӨКЕТОВ - ҒАЛЫМ, ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ: КӨПҚЫРЛЫ ТҮЛҒА ФЕНОМЕНІ

Аисағали Н.

Тарих және құқық факультеті

Тарих-қоғамтану мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Әлем тарихы кафедрасының аға оқытушы Нұрмұхан Е.Т.

Абай атындағы ҚазҰПУ

Алматы қ.

Бұл мақалада академик Е.А. Бөкетовтың көпқырлы шығармашылық және ғылыми мұрасы жан-жақты талданады. Автор Бөкетовтың Қазақстандағы химия ғылымының дамуына қосқан үлесін, оның металдар химиясы мен физикалық химия саласындағы ғылыми жаңалықтарын, сондай-ақ ғылыми мектеп қалыптастырудағы рөлін айқындайды. Сонымен бірге, Бөкетовтың философиялық-психологиялық прозасы, оның адамгершілік, рухани тазару, моральдық таңдау мәселелерін көтерген көркемдік ізденістері талқыланады. Мақалада ғалымның қоғамдық қызметі, Қарағанды университетін қалыптастырудағы еңбегі және ұлттық ғылыми-интеллектуалдық элитаның дамуындағы орны да сараланады. Е.А. Бөкетовтың ғылым, әдебиет және қоғам салаларындағы еңбектерінің үйлесуі оның тұлғалық феноменінің мәнін ашуға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: Е.А. Бөкетов, ғылыми мұра, металдар химиясы, философиялық проза, қоғам қайраткері, ғылыми мектеп, Қарағанды университеті.

В статье проводится всесторонний анализ многогранного наследия академика Е.А. Бокетова. Рассматривается его вклад в развитие химической науки в Казахстане, включая исследования в области химии металлов, физической химии и металлургических процессов. Особое внимание уделено роли Бокетова в формировании научной школы и подготовке молодых исследователей. Отдельный раздел посвящён его литературному творчеству, в котором нашли отражение вопросы морали, духовной чистоты, человеческой ответственности и философского осмысления жизни. Также анализируется общественная деятельность учёного, его вклад в становление Карагандинского университета и участие в развитии национальной интеллектуальной элиты. Гармоничное сочетание научной, литературной и общественной деятельности раскрывает феномен личности Е.А. Бокетова.